

ГУМАНИТАРЛЫ-ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
«АЙМАҚТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» КАФЕДРАСЫ

«Тұран» Университеті мекемесінің
Ғылыми кеңесінің отырысында Бекітілген
Хаттама № ___ « ___ » _____ 2018 жылдан

ОӘК отырысында Мақұлданған
Хаттама № ___ « ___ » _____ 2018 жылдан
ОӘЖ бойынша
_____ Әбдиев К.С.

МОДУЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық шифрі мен атауы: 5B020200-Халықаралық қатынастар
Академиялық дәреже: бакалавр

Құрастырылды		Келісілді		
ФИО, қызметі, ғылыми дәрежесі мен санаты		ОӘЖ бойынша проректор	Әбдиев К.С.	
Калпетходжаева С.К., филос.ғ.к., доцент, «АЖХҚ» кафедрасының меңгерушісі		Сыртқы байланыстар, халықаралық аккредитация және ЖОО-нан кейінгі білім беру бойынша проректор	Тусупова Л.А.	
Камалов А.К., т. ғ. д., профессор		ЦБПиДО директоры	Паршина Г.Н.	
Самай А.Д, саяси ғ. д., доцент		Факультет деканы	Сулейменова С.Ж.	
		ҚР БжҒМ ҒК Р.Б.Сүлейменов ат. Шығыстану институтының БҒҚ	Шаймарданова Н.Ж.	

«АЖХҚ» кафедрасының отырысында қарастырылды
Хаттама № ___ « ___ » _____ 2018 жылдан

Кафедра меңгерушісі _____ Калпетходжаева С.К.

Алматы 2018

Білім беру бағдарламасының құрылымы

1	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	
1.1	Түсіндіру хаты	
1.2	Білім беру бағдарламасының мақсаттары	
1.3	Кәсіби қызмет саласын сипаттау	
1.4	Білім беру бағдарламасына деген оқуға түсушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	
2	Компетенция терминдерінде оқытудың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптар	
2.1	Әмбебап (жалпымәдени) компетенциялар: жалпығылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпымәдени	
2.2	Пәндік-мамандандырылған (кәсіби) компетенциялар: жалпыкәсіби, профильді және арнайы	
2.3	Түлектің квалификацияланған моделі	
2.4	Компетенция матрицасы	
3	Оқу нәтижелерін бағалау саясаты (ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау)	
4	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу мазмұны	
4.1	Оқудың барлық кезеңіне бакалавриаттың білім беру бағдарламасының (модульді жүйе бойынша) оқу жоспары	Ф УТ 705–15–13 (бакалавриат)
4.2	Элективті модульдердің (міндетті, жалпыуниверситеттік, элективті) жинағы	Ф УТ 705–23–15

*Қызмет түрлері бойынша оқу басымдылығын бөлу, пререквизиттер мен еңбек сыйымдылығын ескере отырып оқу жылдары бойынша модульдерді бөлуден тұрады

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

1.1 Түсіндіру хаты

Бүгінгі күнде халықаралық қатынастар тек елдер арасындағы өзара әрекеттестікті білдіріп қана қоймай, олардың саналуан халықаралық ұйымдары, көпұлтты корпорациялар, жеке тұлғалар мен трансұлтты субъектілер арасындағы қатынастары мен ары қарайғы дамуын қамтиды. Осылайша, халықаралық қатынастар субъектілері арасындағы өзара әрекеттестіктер елеулі түрде күрделенді және соған орай халықаралық жүйе бұрынғыға қарағанда динамикалық дамуға ие болды. Халықаралық қатынастар мамандарына деген қажеттілік тек Қазақстанда ғана емес, жетекші жағдайға біздің мемлекет ие болатын, аймақты қамтитын интенсивті интеграциялық үрдістерге байланысты Орталық Азияда да өсуде. Халықаралық қатынастар саласында бәсекелестікке қабілетті мамандарға деген қажеттілік сонымен қоса «Қазақстан 2050» даму стратегиясымен анықталады. Оған сәйкес Қазақстан әлемдегі дамыған 30 елдер қатарына кіру мақсатын қойып отыр.

Ішкі нарық пен Орталық Азия аймақтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін «Тұран» Университеті «Халықаралық қатынастар» (бакалавриат, магистратура) мамандығы бойынша жоғары білімі бар мамандарды дайындауды жүзеге асырады.

2008 жылдан Университет «Халықаралық қатынастар» бағыты бойынша бакалаврларды дайындайды.

Университет «Халықаралық қатынастар-5B020200» және «Халықаралық қатынастар-6M00200» бағыты бойынша дайындаудың білім беретін бағдарламаларын жүзеге асыру үшін (бакалавриат, магистратура) қажетті ресурсты қамтамасыз ету тәжірибесіне ие. Жоғарыда айтылғандай, «Халықаралық қатынастар» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру негізделген болып табылады.

5B020200 –Халықаралық қатынастар бакалаврларын дайындау бағыты бойынша білім беру қызметі 12.12.2001 жылдан АА Сериялы № 0000070 (ҚР БҒМ №870 Бұйрығы 15.07.2008 жылдан) мемлекеттік лицензиясы мен 16.07.2008 жылдан №0102045 мемлекеттік лицензиясына Қосымшасының, ҚР БҒМ 15.07.2008 жылдан №870 Бұйрығының (05.02.2014 жылдан №15001575 мемлекеттік лицензиясына жаңартылған Қосымша) негізінде жүзеге асады.

Мамандық бойынша оқу процестері келесі оқыту формалары бойынша ұйымдастырылған: күндізгі оқу – 4 жыл; орташа кәсіби білім негізінде қысқартылған оқу (күндізгі оқу) – 3жыл; жоғары кәсіби оқыту негізінде – 2жыл. Оқыту тілдері – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі. Түлектерге 5B020200 -Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша гуманитарлық білімдер бакалаврының академиялық дәрежесі беріледі. 5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығының шеңберінде 2018-19 оқу жылынан бастап студенттерге білім беру траекториясын таңдау ұсынылады: Траектория 1 - Халықаралық ұйымдардың байланысы; Траектория 2 – Ғаламдық қауіпсіздік. Студенттерге қосымша шет тілдерін үйрену үшін таңдау мүмкіндігі беріледі: қытай немесе түрік тілі, сонымен қатар кәсіби компоненттер.

Гуманитарлы-Заң факультет құрылымында көрсетілген бағыт бойынша мамандарды дайындауды философия ғылымдарының кандидаты, доцент Калпетходжаева С.К. басшылық ететін «Аймақтану және халықаралық қатынастар» кафедрасы қамтамасыз етеді.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

Университет міндеті – қоғам пайдасындағы мәдениет, білім беру мен ғылым. Міндетке сәйкес университеттің даму стратегиялық мақсаты білім беру қызметтерінің нарығы мен еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайларында білім беру мекемесінің тұрақты позициясын ФУТ 703-14-15. Модульдік білім беру бағдарламасы. СМК УТ. Екінші басылым

қамтамасыз ететін түлектерді дайындау мен білім беру сапасын, қазақстандық білім беруге үйлестіру мен жоғары білімнің жүйе ретінде тұлға, қоғам, мемлекет секілді негізгі тұтынушылардың мақсаттарына, қажеттіліктеріне, нормалары мен талаптарына сәйкес келу қажеттілігін жоғарылату болып табылады.

Білім беру бағдарламасының міндеті 5B020200-Халықаралық қатынастар бағыты бойынша университет міндетінен шығады және ол мамандардың халықаралық қатынастар саласына дайындығымен байланысты. 5B050500-Халықаралық қатынастар бағыты бойынша білім беру бағдарламасының міндеті – студенттерде тұлғалық сапаларды дамыту, МОБС-қа және университет міндетіне сәйкес келетін еңбек нарығының қажеттілігіне қарай компетенцияларды қалыптастыру.

5B020200 -Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының мазмұны бағдарлама атауымен сәйкес мамандарды даярлаудың ауқымдылығы мен мамандықпен анықталатын салада қажетті дайындық тереңдігін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасының мақсатын қалыптастыру кезінде қажеттіліктер, қызығушылықтар, стимулдар және мотивтер секілді әрекеттің барлық факторлары ескерілген. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мемлекеттік стандарттағы білім беру талаптарын және университеттің стратегиялық мақсаттарын ескереді.

Білім беру бағдарламасы халықаралық қатынастардың әлемдік жүйесінде Қазақстанның мәртебесі мен рөлінің өсуімен байланысты халықаралық қатынастар саласындағы жоғары квалификацияланған мамандарға деген Қазақстан Республикасының қажеттіліктеріне жауап береді. Халықаралық қатынастар саласындағы мамандарға деген қажеттілік тек Қазақстанда ғана емес, жетекші жағдайға біздің мемлекет ие болатын аймақты қамтитын интенсивті интеграциялық үрдістерге байланысты Орталық Азияда да ескеріледі.

Мамандық студенттері халықаралық қатынастардың заманауи процестерін, халықаралық саяси, әскери, экономикалық қақтығыстар, халықаралық ұйымдар қызметі, әлемдік саясат дамуының мәселелері мен тенденциялары, ҚР ұлттық қауіпсіздік мәселелерін зерттейді. Игерілген білімдер, сонымен қатар бір батыс, бір шығыс тілін үйрену түлектерге Қазақстанның, оның компаниялары мен фирмаларын әлемдік аренаға шығару міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

5B020200 -Халықаралық қатынастар Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері мыналар болып табылады:

1. Пәнаралық сипат. Сонымен қатар әрбір студент оқудың үшінші жылы аралығында мемлекет/аймақ дамуының саяси және экономикалық ерекшелігі толығырақ ашылатын мемлекеттік мамандандуды (ол негізгі шет тілімен, студенттің ғылыми қызығушылығымен сәйкес келуі мүмкін) таңдайды.

2. Екі мамандықтың болуы.

3. Ауқымды теориялық дайындық базасының практикалық, аналитикалық қызметпен үйлесуі.

5B020200-Халықаралық қатынастар бағыты бойынша *білім беру бағдарламасының мақсаты* Қазақстан сыртқы саясатының эффективтілігін қамтамасыз ете алатын, мемлекеттік құрылымдар мен жеке мекемелердің ғылыми-зерттеушілік, оқу-тәрбиелік, эксперттік-консультативтік және ұйымдастырушылық-басқарушылық әрекетін орындауға қабілетті, мемлекеттік аренада мемлекет мүддесін көрсетіп, қорғай алатын бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды даярлау және түлек етіп шығару болып табылады.

Оқу саласында білім беру бағдарламасының мақсаттары:

- гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық және жаратылыстану ғылымдық білімдерінің негіздері саласында дайындау;
- түлекке халықаралық қатынастар саласында табысты жұмыс жасауға мүмкіндік беретін жоғары кәсіби білімді беру;
- түлекке 5B020200 -Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша «гуманитарлық білімдер бакалавры» академиялық дәрежесі берілетін қорытынды мемлекеттік аттестацияны сәтті тапсыру нәтижелері бойынша профильге (мамандану) сәйкес бакалавриаттың білім беру бағдарламасын игеруге студенттерді кәсіби даярлау.

Тәрбие саласындағы білім беру бағдарламасының мақсаты төмендегі әлеуметтік-тұлғалық сапаларды қалыптастыру болып табылады: адамгершілік, жалпы мәдени дағдылар, әлеуметтік адаптацияға деген қабілеттілік, тұлғаның шығармашылық потенциалын жүзеге асыру, мақсатқа бағыттылық, жинақылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, азаматтық позиция, коммуникативтілік, төзімділік, дайындау профиліне сәйкес кәсіби әрекеттің әлеуметтік маңызы мен әлеуметтік салдарын түсіну.

5B020200-Халықаралық қатынастар профилін дайындауға сәйкес бакалавр келесі *кәсіби міндеттерді* шешеді:

- алынған білімдерді практикада жүзеге асыру, оларды кәсіби қызмет саласында қолдану;
- мемлекеттік және шет тілін игеру, синхронды және жазбаша аударма дағдыларының кәсіби қызмет саласында қолдану;
- шет тілдері бойынша алынған фундаменталды және арнайы дайындыққа сәйкес шет тілді ортада кәсіби қызметте жүзеге асыру;
- дипломатиялық документацияны жасау және рәсімдеу, ақпараттық-анықтамалық және аналитикалық құжаттарды дайындау, іс қағаздарын жүргізу дағдыларын игеру.

Университет сауалнама мен сұрақнамалар жүйесі арқылы білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру мақсаттары мен стратегияларын наықтауда барлық мүдделі жақтардың (әкімшіліктер, оқытушылар, студенттер және жұмыс берушілер) қатысуын қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының сапасы лицензиялау, аттестациялау және білім беру мекемелерін, стандарттарын, талаптары мен ИСО 9001 ұсыныстарын аккредитациялау бойынша мемлекеттік органдар талаптары негізінде әрекет ететін университетте жалпы СМЖ-мен қамтамасыз етіледі.

Білім беру міндеті мен мақсатын жүзеге асыру Университет қызметкерлерінің студенттермен оқу және оқудан тыс, методикалық, ғылыми және тәрбиелік жұмыс процесінде қамтамасыз етіледі.

1.3 Кәсіби қызмет саласын сипаттау

1.3.1 Профиль бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің жалпы салалары

5B020200-Халықаралық қатынастар профилі бойынша бакалаврлардың кәсіби әрекетінің салалары мыналардан тұрады: халықаралық қатынастардың жүйесі, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің әрекеті, әлемдік саясат дамуының мәселелері мен тенденциялары, сыртқы саяси қатынастар жүйесінде жұмыс жасайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару мен ұйымдастырушы саналуан органдарының қызметі бойынша негізделген тәжірибелік ұсыныстарды жасау мақсатында Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік мәселелер, педагогикалық қызмет.

1.3.2 Кәсіби қызмет объектілері

Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің объектілері мыналар болып табылады: әлемдік саясат, заманауи қақтығыстар және оларды ФУТ 703-14-15. Модульдік білім беру бағдарламасы. СМК УТ. Екінші басылым

реттеу әдістері, геосаясат негіздері, дипломатиялық этикет және хаттама, дипломатия тарихы, әлемдік қауымдастық жүйелері, халықаралық қатынастар, әлемдік оқиғаларға елеулі әсер ете алатын халықаралық ұйымдар әрекетінің практикалық және теориялық аспектілері, заманауи әлемнің ауқымды мәселелері.

1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері

5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бакалаврлар зерттеушінің, басқарушының, практиктың үш бірыңғай дағдысына ие және кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындауға қабілетті жас маманға қойылатын заманауи талаптарына сәйкес болуы тиіс:

Ақпараттық-шығармашылық – Ақпараттық-шығармашылық - жоғары кәсіптік деңгейге және іргелі гуманистік негізге ие, ақпараттық ағындарды (БАҚ-нан, Интернеттен және т.б.) шығармашылық, дербес және сыни тұрғыдан шешуге және шындықтың оқиғалары мен құбылыстарының объективті және шынайы көрінісін жасау үшін қолдануға қабілетті.

Ақпараттық анықтамалық – реферат, қызметтік хат, анықтамалар, мәлімдемелерді және т.б. жасау үшін шығармашылық, тәуелсіз және сыни түрде ақпаратты қолдана алу.

Ақпараттық-аналитикалық – аналитикалық тойлау дағдыларын ала отырып, болып жатқан оқиғалар мен әрекет құбылыстарына мұқият талдау беріп, алынған мәліметтерді квалификациянды өңдеу үшін ақпараттық ағынды кәсіби түрде қолдана алу.

Басқарушылық – ұйымдастырушылық жұмыс дағдыларына ие болу, сыртқы саяси бөлімдерін, департаменттерді, мемлекеттік және мемлекеттік құрылымдарды (министрліктер, әкімшіліктер, президент аппараты, премьер-министр аппараты, ұйымдар және т.б.) басқара алу; жауапты шешімдерді қабылдау және олардың бағынушы ұжымда орындалуына жауап беру.

Ғылыми-зерттеушілік – ғылыми және зертеу жұмысының дағдыларына ие бола отырып, халықаралық қатынастар бойынша маман өз оқуын тарихилығы мен саяси ғылым саласында немесе бұл пәндердің тоғысуында диссертацияны жазу мақсатымен аспирантура мен докторантурада жалғастыра алады.

Консультативті-экспертті – квалификациянды кеңестер беру және әлемдік саясат, дипломатия, ұлттық немесе аймақтық сыртқы саясат мәселелері бойынша эксперт рөлінде болу.

Білім берушілік – оқытушы болып, елдің жоғары оқу орындарында заманауи қоғамның гуманитарлық мәселелерін шешу үшін әлеуметтік жауапкершілікті алады; елде білім беруді жаңғыртуға және жоғары білімді диверсификациялауды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қызметтің нақты түрлері ЖОО жасаған білім берушілік-кәсібилік бағдарламаның мазмұнымен анықталады.

1.4 Білім беру бағдарламасына оқуға түсушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

5B020200-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына оқуға түсушілерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасында білім беру қызметін реттеуші нормативтік-құқықтық актілеріне, жекелей алғанда 2012 жылдың 19 қаңтарынан бастап № 111 жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы білім берудің мекемелерінде оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелеріне, сонымен қоса «Тұран» университетінің академиялық саясатына сәйкес негізделген. Университет ішкі конкурстар нәтижелері бойынша жеңілдіктер (Гранд проджект және т.б.), сонымен қоса «Алтын белгі» иелеріне ҰБТ/ТКТ нәтижелері бойынша «Тұран» университеті Ректорының грантын ұсынады.

2 Біліктілік тұрғысынан күтілетін оқу нәтижелеріне қойылатын талаптар

2.1 Әмбебап (жалпымәдени) компетенциялар: жалпығылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпымәдени

Оқу нәтижелері бірінші деңгейдегі (бакалавр) Дублиндік дескрипторлар негізінде анықталады және компетенциялар арқылы көрінеді. Оқу нәтижелері барлық бағдарламалар негізінде және модульдер, жеке пәндер деңгейінде де қалыптасады.

2.1.1 Тұлғаның қасиеттері:

- қостілділік;
- кросс-мәдени коммуникация;
- көптілділік және көпмәдениеттілік;
- коммуникативтілік;

2.1.2 Жалпымәдени құзыреттілік ақпаратты қабылдау, жалпылау, талдау, мақсаттарды қою және оған жету жолдарын таңдау; ауызша және жазбаша сөзді логикалық түрде дұрыс, аргументтелген және түсінікті түрде құру; ұжымдастарымен кооперацияға дайындық; өз артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни түрде бағалай алу, артықшылықтарды дамыту мен кемшіліктерді жою құралдарын таңдау; ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын игеру.

2.1.3 Жалпығылыми құзыреттілік өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғынуды; кәсіби этикалық өзіндік сананың жеткілікті деңгейін; әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі жағдайлары мен әдістерін қолдану дағдысын; заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды қолдана отырып жаңа білімдерді қалыптастырады.

2.1.4 Инструменталды құзыреттілік ауқымды компьютерлік желілерде ақпаратпен жұмыс жасау; өз әрекетінің нәтижелерін көрнекі түрде көрсету қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

2.1.5 Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілік кәсіби әрекеттің құқықтық және этикалық нормаларын ұстану; саналы мақсаттылық, кәсіби және тұлғалық даму; әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттестік, серіктестік пен қақтығыстарды шешу; физикалық белсенділік пен белсенді әлеуметтік және кәсіби әрекетте болу үшін денсаулықтың жалпы деңгейін ұстап тұру; қоғамда болып жатқан дүниетанымдық, әлеуметтік және тұлғалық маңызды мәселелер мен процестерді түсіну және талдау; кәсіби әрекеттің стандартты емес ситуацияларында әлеуметтік-жауапкершілікке негізделген шешімдерді қабылдау; түрлі кәсіби жағдайларға икемді бейімделу, кәсіби және тұлғалық әрекет мақсаттарына жетуде шығармашылық тәсілді, бастамашылдық пен бірбеткейлікті таныту; жалпыадамзаттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтар жүйесінде бағдарлану, заманауи өркениетті сақтау және дамыту үшін гуманистикалық құндылықтар маңызын түсіну қабілетінен көрінеді.

2.2 Пәндік-мамандандырылған (кәсіби) құзыреттіліктер: жалпыкәсіби, профильді және арнайы

Арнайы компетенциялар 5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша жоғары білім беру жұмыс берушілер талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып кәсіби стандарттар негізінде жасалған.

- ең аз дегенде екі шет тілін біледі және белсенді игерген, кәсіби мәселелерді шешу үшін шет тілдерін қолдана алады;

- қойылған міндеттер шеңберінде шет тілінде диалог, хат жазу, келіссөздер жүргізу дағдыларына ие және дайын;
- дипломатиялық құжаттар, жобалар, келісімдер, келісімшарттар, іс-шаралар бағдарламаларын жасай алады;
- аудиториямен, оның ішінде шетелдік аудиториямен жұмыс жасау дағдысына ие.
- халықаралық ортаның негізгі сипаттамалары мен қауіпсіздік динамикасын бақылап отыру дағдысына ие және олардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсерін түсінеді;
- Ғылыми-технологиялық инновацияларының ауқымды процестерінің құрылымын және ондағы Қазақстанның орны мен рөлінің өзгеру перспективасын түсінеді;
- Әлемдік экономикалық, экологиялық, демографиялық, миграционды процестерде бағдарланады, ғаламшарлық орта, әлемдік экономика мен әлемдік саясаттың өзара әсер ету механизмін түсінеді;
- Жетекші шет мемлекеттердің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын, олардың Қазақстанмен дипломатиясы және өзара әрекеттестік ерекшеліктерін түсінеді;
- Көпжақты және интеграционды дипломатия механизмдерінде бағдарлана алады;
- кәсіби әрекетті жүзеге асыруға сәйкес келетін гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер саласында білімдердің қажетті тереңдігіне ие;
- түрлі құбылыстар мен процестерді ғылыми талдау мен болжау негіздеріне ие, оларға сапалы және сандық талдау жүргізе алады, әлеуметтік зерттеулер мақсатын анықтай алады және оларды жүзеге асыру үшін зерттелген ғылымдар әдістерін қолдана алады, пәнаралық жобаларда жұмыс жасауға дайын.

2.3 5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығы түлегінің моделі

Құзыреттіліктер	Түлек тұлғасын қалыптастыратын сапалар
Жалпымәдени құзыреттіліктер (ЖК)	<p>Қабілет пен дайындық:</p> <p>ЖК-1 – тұлғааралық және мәдениаралық өзара әрекеттестік міндеттерін шешу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникацияға;</p> <p>ЖК-2 – ұжымдағы жұмысқа, стандартты емес ситуациялар мен әлеуметтік конфликтілерде шешімдерді және өзара әрекеттесудің бейбіт жолдарын табуға;</p> <p>ЖК-3 - жиналған тәжірибені сыни түрде қайта саналау, қажеттілік кезінде өз кәсіби әрекет түрі мен сипатын өзгертуге;</p> <p>ЖК-4 - белсенді әлеуметтік және кәсіби әрекетті жүргізу үшін физикалық денсаулық пен денсаулықтың жалпы деңгейін ұстап тұру;</p> <p>ЖК-5 – мамандану аймағының тілінен ерекшеленетін халықаралық қарым-қатынастың шет тілінде іскерлік және кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша коммуникацияны еркін түрде жүзеге асыру қабілеті</p> <p>ЖК-6 – кәсіби және ғылыми тақырыптарда көпшілік алдында сөз сөйлеуге, мамандар мен мамандықтан тыс адамдарға өз қорытындысын, ұсыныстарын, аргументтерін жеткізуге дайын;</p> <p>ЖК-7 - патриотизмді қалыптастыру мен белсенді азаматтық позицияны</p>

	<p>көрсету үшін тарихи дамудың негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын талдау;</p> <p>ЖК-8 - кәсіби әрекеттерде шығармашылықты қолдану;</p> <p>ЖК-9 - отандық және халықаралық деңгейде өнімді әрекеттестікке дайын;</p> <p>ЖК-10 - бизнесті басқару, бәсекелі орта нарығында жетістікке жету, іскерлік және инновационды белсенділікті таныта отырып, әрекет нәтижелерінің эффективтілігін бағалау қабілеттерін көрсету;</p>
<p>Жалпы-кәсіби құзыреттіліктер</p>	<p>Жалпыкәсіби құзыреттіліктер:</p> <p>Қабілеттілік пен дайындық:</p> <p>ЖК-1 – мемлекеттік құрылымдар, үшінші сектордағы бизнес әрекетінің сферасында халықаралық қатынастар маманының жұмысын қамтамасыз етудің құқықтық аспектілері туралы білімді практикада қолдану;</p> <p>ЖК-2 – кәсіби тапсырмаларды шешу үшін қолданушы деңгейінде компьютерлік технологияларды қолдана алу;</p> <p>ЖК-3 – кем дегенде екі шет тілін біледі және белсенді игерген, кәсіби мәселелерді шешу үшін шет тілдерін қолдана алу;</p> <p>ЖК-4 – қойылған міндеттер шеңберіндегі диалогтарды, хат алмасуларды, келіссөздерді шет тілінде жүргізуге дайын;</p> <p>ЖК-5- кәсіби байланыстарды орнату техникаларын меңгерген;</p> <p>ЖК-6 – шет тілінде кәсіби қарым-қатынас;</p> <p>ЖК-7 – дипломатиялық құжаттар, жобалар, келісімдер, келісімшарттар, іс-шаралар бағдарламасын жасай алады;</p> <p>ЖК-8 – шет тілді аудиториямен жұмыс жасау дағдыларын игерген.</p> <p>Кәсіби-пәндік құзыреттіліктер:</p> <p>ЖК-9 – ауқымды процестер мен бүкіләлемдік саясат жүйесінің даму логикасын біледі және түсінеді;</p> <p>ЖК-10 - халықаралық қатынастарды олардың тарихи, экономикалық және құқықтық шартталу жағдайын түсінеді;</p> <p>ЖК-11 – халықаралық орта мен қауіпсіздіктің негізгі сипаттамасының динамикасын бақылау дағдысына ие; ЖК-12 олардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсерін түсіну;</p> <p>ЖК-13 – ғылыми-технологиялық инновациялардың ауқымды процестерінің құрылымын және ондағы Қазақстанның орны мен рөлінің өзгеру перспективасын түсінеді;</p> <p>ЖК-14 – әлемдік экономикалық, экологиялық, демографиялық, миграционды процестерге бағдарланады, ғаламшарлық орта, әлемдік экономика мен әлемдік саясаттың өзара әсер ету механизмдерін түсінеді;</p> <p>ЖК-15 – халықаралық қатынастардың негізгі теорияларын білу және түсіну;</p> <p>ЖК-16 – Қазақстанның сыртқы саясатының мәселелері бағдарламалық құжаттар мазмұнын білу және түсіну;</p> <p>ЖК-17 – жетекші шетелдік мемлекеттердің сыртқы саясатының негізгі</p>

	бағыттарын, олардың Қазақстанмен дипломатиясы мен өзара қатынастар ерекшеліктерін білу және түсіну; ЖК-18 – көпжақты және интеграционды дипломатия механизмдерінде бағдарлана алу.
	<p>Ұйымдастырушылық-басқарушылық әрекет:</p> <p>Қабілеттілік пен дайындық:</p> <p>ЖК-13 – еңбек ұжымдарында өзара әрекеттесу формаларын талдау; стандартты емес ситуацияларда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді табу және оларға жауапкершілікпен қарау;</p> <p>ЖК-14 – өндірістік процесті оңтайландыруға ықпал ететін психологиялық климатты құру мен қызметкерлерді сапалы таңдау мақсатында кадрлық құраммен жұмыстар жүргізу; қызметкерлердің тұлғалық өсуі мен индивидтер және топтар денсаулығын қорғауға негізделген интерактивті әдістер, психологиялық технологияларды жүзеге асыру.</p>
Кәсіби арнайы құзыреттіліктер	<p>ЖК-15 – әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктер: өзінің және басқалардың мінез-құлығын талдай алу, қалыптасқан рефлексивті позиция, өз эмоционалды күйін өзіндік бақылау;</p> <p>ЖК-16 – әлеуметтік өзара әрекеттестік, өзіндік басқаруды өзіндік ұйымдастыру компетенциясы, тұлғааралық қатынастарды құра алу, конфликтілерлі шешу, міндеттерді шешуде өзіне жауапкершілік алу, лидерлік сапаларды көрсете алу қабілеті.</p>

Оқу траекториялары бойынша түлектердің құзыреттіліктері:

«Халықаралық байланыстарды ұйымдастыру» траекториясы

- Салааралық коммуникация
- Әлеуметтік-экономикалық процестерді талдай алу
- Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатын білу
- Халықаралық байланыстар мен халықаралық байланыстарды орнату және дамыта алу
- Дипломатиялық этикет пен дипломатиялық документацияны білу

«Глобалды қауіпсіздік» траекториясы

- Жүйелік ойлау
- Көптілділік және көпмәдениеттілік
- Қазақстанның сыртқы және ішкі саясатын білу
- Халықаралық-саяси талдаудың негіздерін меңгеру
- Глобалды саясат жағдайларында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен құралдарын білу
- Дипломатиялық этикет пен дипломатиялық документацияны білу.

3 Оқу нәтижелерін бағалау (ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау) саясаты

Үлгерімдікті ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестация студенттердің кәсіби оқу бағдарламалары мен жоғары білімнің жалпығаміндетті стандартын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Студенттердің оқу үлгерімін тексеру бақылау мен аттестацияның саналуан формаларымен жүзеге асады, олар «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және жоғары оқу мекемелерінде аралық және қорытынды аттестациялау, үлгерімдікті ағымдағы бақылауды жүргізудің үлгілік ережелері және ҚР БЖҒМ нормативті-инструктивті құжаттары және бұйрықтары, сонымен қоса ішкі нормативті құжаттар негізінде (№ 319-III 2007 жылдың 27 шілдесінен бастап, Жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім беруді ұйымдастыру әрекетінің үлгілік ережелер (№ 499 2013 жылдың 17 мамырынан бастап Басқарманың Бұйрығымен бекітілген) жасалған «Тұран» университетінің Академиялық саясатымен реттеленеді.

Үлгерімдікті ағымдағы бақылау кезінде студенттердің оқу үлгерімі әрбір орындалған тапсырма үшін (сабақтардағы жауаптар, үй тапсырмасын өткізу, студенттің өзіндік жұмысы, аралық бақылау) 100 баллдық шкала бойынша бағаланады және үлгерімдікті ағымдағы бақылаудың соңғы нәтижесі академиялық кезең аралығында алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасымен есептеледі.

Аналогиялық тәсіл аралық және қорытынды аттестация кезеңінде студенттердің оқу үлгерімін бағалау кезінде қолданылады.

Оқудың сыртқы формасындағы студент оқу-емтихандық сессия басталуға дейін бақылау, курстық жұмыстардың (жобалар) барлық түрін, сонымен қоса пәннің оқу бағдарламасына сәйкес үй тапсырмасының жекелей түрлері, СӨЖ, аралық бақылауларды тапсырады.

Аралық бақылау бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең аралығында екіден кем емес рет жүргізіледі.

ЖОО-да студенттерді аралық аттестациялау жұмыс жасайтын оқу жоспары, академиялық күнтізбе мен жоғары білімнің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттары негізінде жасалған кәсіби оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асады.

Емтихандар күнтізбелі кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіби оқу бағдарламасы бойынша студенттердің оқу үлгерімін тексеру формасы ретінде қызмет етеді және академиялық кезеңдегі оқу үлгерімін бағалау мақсатын көздейді.

Қыстық және жазғы емтихандық сессияларды бөледі. Оқудың күндізгі формасы үшін емтихандық сессия аралығы мен ұзақтығы мамандықтың жұмыс жасайтын оқу жоспары және ЖОО ғылыми кеңесі бекіткен академиялық күнтізбемен сәйкес анықталады.

ЖОО-да оқытындарды қорытынды аттестациялау жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен орнатылған формалары бойынша жүргізіледі, олардың ұзақтығы мен мерзімдері академиялық күнтізбе және мамандықтардың жұмыс жасайтын оқу жоспарында көрсетілген.

Студенттер барлық мемлекеттік емтихандарын тапсырады және оқудың барлық формалары үшін бірыңғай жұмыс жасайтын оқу бағдарламалары және жұмыс жасайтын оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды.

Мемлекеттік емтихандар (мамандық және профильді пәндер бойынша) аталған кешенді емтиханға кіретін пәндердің оқу бағдарламаларының негізінде ЖОО жасаған бағдарлама бойынша ауызша формада жүргізіледі. Мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамына жұмыс беруші мекеменің өкілі кіреді. Кешенді емтихан билеттері сұрақтарының бірі ағылшын тілінде беріледі.

Мемлекеттік емтихан мен дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелелері бойынша студенттер білімін баллдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Сонымен қатар студенттің теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі және де ғылыми жетекші мен рецензент пікірлері назарға алынады.

Бақылау жұмыстарын бағалау студент жауабының толымдылық дәрежесін ескере отырып, 100-баллдық шкаласы бойынша жүзеге асады:

Бағалау	Критерийлер
Керемет	<ol style="list-style-type: none"> 1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; 2. Практикалық тапсырма толықтай шешілген; 3. Материал логикалық жалғаспалылықты сақтай отырып сауатты жазылған; 4. Шығармашылық қабілеттер көрсетілген.
Жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілген, елеусіз қателіктер кеткен; 2. Практикалық тапсырма орындалған, алайда елеусіз қате кеткен; 3. Материал логикалық жалғаспалылықты сақтай отырып сауатты түрде жазылған.
Қанағаттанарлық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға жауаптар негізінен дұрыс, алайда толық емес, анықтамаларда нақтылықтар жоқ және логикалық қателіктер кеткен; 2. Практикалық тапсырма толықтай орындалмаған; 3. Материал сауатты түрде жазылған, алайда логикалық жалғаспалылық бұзылған.
Қанағаттандырмайды	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға жауаптар өрескел қателерден тұрады; 2. Практикалық тапсырма орындалмаған; 3. Жауапты жазу кезінде грамматикалық, терминологиялық қателер кеткен, логикалық жалғаспалылық бұзылған.

Егер студенттің қорытынды бақылау бойынша (емтихан үшін баллдар) бағасы көңілінен шықпаса, ол «Platonus» жүйесінде электронды түрде емтихан нәтижелерін шығарғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешікпей (24 сағат) апелляциялық комиссия төрағасы атына өтініш жаза алады.

Ректор бұйрығымен квалификациясы емтиханға шығарылған пәндер профиліне сәйкес келетін оқытушылар ішінен эмтихан аралығына қалыптасқан апелляциялық комиссия 24 сағат ішінде апелляциялық өтінішті қарайды және орнатылған форманың хаттамасын жаза отырып сәйкес шешім (бағаның қайта қарау немесе бастапқы алған бағаның сақталуы туралы) қабылдайды.

Апелляциялық комиссия шешімі студенттің жазбаша жұмысын комиссия мүшелері тексеру негізінде қабылданады. Апелляция нәтижелері бойынша қорытынды бақылау бойынша бағаларды өзгертуді апелляциялық комиссия төрағасы шешімін бекіткеннен кейін офис-регистратор жүзеге асырады.

«F» бағасын алу жағдайында студент үш реттен кем емес пәнді қайта өтуге (Retake) құқығы бар. Пән бойынша емтиханды қайта тапсыру қойылған тәртіпте тек ақылы негізде жүзеге асады.

Қорытынды аттестацияны өткен және жоғары білімнің сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруді растаған студенттерге МАК шешімімен «бакалавр» академиялық дәрежесі және сәйкес мамандық бойынша квалификация беріледі, дипломдық жұмысты (жоба) қорғау күнінен бастап бір айлық мерзімде қосымшамен мемлекеттік үлгіде дипломы тегін ұсынылады.

4 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу мазмұны

5B020200 -Халықаралық қатынастар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын анықтайтын оқу жұмысының саналуан түрлерінен қалыптасады және олардың арақатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы мыналардан тұрады:

- 1) жалпыбілім беру, базалық және профильдік пәндер циклын зерттеуден тұратын теориялық оқу;
- 2) оқудың қосымша түрлері – кәсіби тәжірибелердің саналуан түрлері, физикалық мәдениет;
- 3) аралық және қорытынды аттестациялар.

БҒ табысты меңгеру үшін студент ECTS-дің 240 кредиттеріне сәйкес келетін ҚР 148 кредиттер көлемінде оқудың теориялық және қосымша түрлерін меңгеруі тиіс. Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары пәндерді зерттеудің модульді жүйесінің негізінде жобаланады.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мамандық пен пәндердің оқу-методикалық кешендерінің негізінде жүзеге асады.

Оқу жұмысының еңбексыйымдылығын тіркеу оқытылатын материал көлемі бойынша жүзеге асады және оқудың нақты нәтижелеріне жету үшін қажетті студенттер мен оқытушылардың еңбек шығындарын өлшеудің бірлігі болып табылатын ҚР және ECTS кредиттерінде өлшенеді.

Кредиттер білім беру бағдарламаларының жеке пәндерінің және/немесе модульдерінің шартты «санын» көрсетеді. Жалпы еңбексыйымдылығы түсінігіне кіреді: дәрістік, практикалық (семинарлық), лабораториялық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, курстық жұмыстар, әйби практиканың барлық түрлері, қорытынды аттестациялауға дайындық және өту.

Теориялық оқудың жалпы еңбексыйымдылығы зерттейтін оқу пәндерінің санымен анықталады.

Студенттер бір академиялық кезеңде әрбір оқу пәнін меңгереді, оның аяқталуы кезінде ауызша емтихан (шет тілінде пәндер бойынша) және тестілеу формасында қорытынды бақылау тапсырады.

5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасына әрекет ететін заңнамалардың нормаларын жүзеге асыратын пәндер кіреді. Оларға мемлекеттік және орыс тілі («ҚР тілдер туралы» 1997 жылдың 11 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Заңы), физикалық мәдениет («Физикалық мәдениет пен спорт туралы» 1999 жылдың 2 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Заңы), еңбекті қорғау (2007 жылдың 15 мамырынан бастап ҚР Еңбек Кодексі) жатады.

Білім беру пәндерінің (ББП) циклы міндетті компонент пәндерінен тұрады және таңдау бойынша компоненттерді қосуы мүмкін.

Міндетті компонент жалпымәдени, жалпымемлекеттік маңыздылыққа ие білім беру бағдарламасының және елде бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ететін мамандықтың фундаменталды ядросы ретінде жүреді. 2017-2018 оқу жылында әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің жалпыуниверситеттік компоненті енгізілген болатын: Логика және сыни ойлау; Қоғамдық процестермен басқару; Академиялық хат; Креативті ойлау; Әлеуметтану және саясаттану. Аталған курстар мамандық бойынша (базалық және профильдік) элективті курстармен үзіліссіз байланыста жүреді.

Міндетті компоненттегі пәндер тізімі үлгілік оқу жоспарымен анықталады. Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша міндетті компонентті қайта есептеу жасалуы мүмкін.

Таңдау бойынша компонент нақты аймақ дамуының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және еңбек нарығының қажеттілігін, «Тұран» университетінің ғылыми мектептерінде қалыптасқан дәстүрлерді, сонымен қоса студенттің индивидуалды, кәсіби және білімдік қызығушылықтарын ескереді.

5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығы таңдаған мамандықты толық және терең игеруге мүмкіндік беретін оқу траекториясын таңдаудан тұрады. 2016-2017 оқу жылынан бастап университеттің жаңа концепциясы – инновационды-кәсіпкерлік ЖОО-на айналуы шеше отырып, 5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығының бакалавриаты ББ-да кәсіпкерлік модульдер енгізіліп жатыр:

Модуль/ пәндер атауы	Пәндер циклі	Академиялық дәреже	ҚР	Кредиттер	Семестр	Пререквизиттер	Мамандық (шифр, атауы)	Өшіру / ауыстыру/ қалдыру
Кәсіпкерлік модуль								
Кәсіпкерлікке кіріспе	БД КВ	бакалавр	5	8	2	Пререквизиттерсіз	Барлық мамандықтар	Каф Менеджмент
Бизнес-шешімдер негіздері			5	8				
Бизнес үшін қаржылар	БД КВ	бакалавр	3	5		Пререквизиттерсіз	Барлық мамандықтар	Қаржылар
Маркетингтік шешімдер			2	3				Маркетинг
Бизнестің құқықтық негізі			5	8				
Бизнесті заңдық тұрғыда кеңес беру	БД КВ	бакалавр	3	5		Пререквизиттерсіз	Барлық мамандықтар	ЮР
Интеллектуалды жеке меншік құқығы			2	3				
Талдау және басқару құралдары			5	8				
Бизнес талдау	БД КВ	бакалавр	3	5	6	Пререквизиттерсіз	Аймақ тану, ХҚ, ПД басқа барлық мамандықтар	Есеп және аудит
Лидерлік			2	3				Психология
Басқару психологиясы			5	8				

Басқарушылық әрекет негіздері	БД КВ	бакалавр	3	5		Пререквизиттерсіз	Аймақтану, ХҚ, ПД басқарулық мамандықтар	Психология
Адами ресурстарды басқару психологиясы			2	3				
Инновационды экономика негіздері		бакалавр	5	8	6	Пререквизиттерсіз	Аймақтану, ХҚ, ПД басқарулық мамандықтар	МиН Э
Разработка Start-up			5	8				
Бизнес-жоспарлау	БД КВ	бакалавр	3	5	7	Кәсіпкерлікке кіріспе	Аймақтану, ХҚ, ПД, ОПИ, Реж басқарулық мамандықтар	Менеджмент/маркетинг
Жобаларды басқару			2	3				ИС
Self – кәсіпкер эффективтілігі								
Эмоционалды және әлеуметтік интеллект	БД КВ	бакалавр	3	5		Пререквизиттерсіз	Аймақтану, ХҚ, ПД, ОПИ, Реж басқарулық мамандықтар	Психология
Келіссөздік процесс психологиясы			2	3				

ЕКІ ТРАЕКТОРИЯДА ОҚЫТЫЛАТЫН ОРТАҚ МОДУЛЬДЕР:

Пәндер	Модуль атауы	Пәндер атауы	Кредиттер
--------	--------------	--------------	-----------

циклы			саны
БД ОК	Мамандыққа кіріспе	Дипломатиялық және консульдік қызмет	3
БД КВ		Шығыс тілдерінің негіздері	3
БД КВ	Дипломаттар үшін шығыс тілі	Қытай (Түрік) Тілі	5
БД ОК	Саясат және тіл	Дипломатиялық келіссөздерді жүргізу техникасы	2
БД КВ		Қытай (түрік) тілінің саяси лексикасы	4
ПД КВ	Халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі Орталық Азия	Орталық Азиядағы Аймақтық қауіпсіздік	3
		Ресей саясатындағы Орталық Азия	3
		Орталық Азия мемлекеттері қатынасындағы АҚШ саясаты	2
ПД ОК	Халықаралық қатынастар мен әлемдік саясат	ХҚ заманауи жүйесі	3
ПД КВ		Әлемдік саясаттың өзекті мәселелері	2

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ» ТРАЕКТОРИЯСЫНДА ОҚЫЛАТЫН МОДУЛЬДЕР:

Пәндер циклы	Модуль атауы	Пәндер атауы	Кредиттер саны
БД КВ	Еуразияның саяси картасындағы Қазақстан	Еуразиядағы саяси процестер	3
		Еуразиялық кеңістікте Қазақстанның сыртқы саяси артықшылықтары	2
БД КВ	ҚР дипломатиясы	ҚР сыртқы саясаты	3
		Қазақстан және БҰҰ	2
БД КВ	Language and theory in International Relations	Language in International Relations: academic writing	3
		Theory of international relations	3
ПД КВ	Policy of the world powers in Central Asia in the XX-XXI c.	"Great Game" in Central Asia in the XX-XXI c.	3
		Chinese diplomacy in Central Asia	2

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» ТРАЕКТОРИЯСЫНДА ОҚЫЛАТЫН МОДУЛЬДЕР:

Пәндер циклы	Модуль атауы	Пәндер атауы	Кредиттер саны
--------------	--------------	--------------	----------------

БД КВ	Глобализация дәуіріндегі Халықаралық қатынастар	Глобализация процесінің континенталы және мемлекеттің ерекшеліктері	3
		Глобализация және халықаралық қауіпсіздік	2
БД КВ	Халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері	Заманауи конфликтілер және оның реттеу әдістері	3
		Заманауи халықаралық қатынастардағы діни экстремизм мәселелері	2
БД КВ	Халықаралық экологиялық құқық	Қоршаған ортаны сақтаудың халықаралық құқығы	3
		Халықаралық құқықтағы территориясы	3
ПД КВ	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі қауіпсіздік	Терроризм мен контртеррористік әрекет	3
		Транспортты тасымалдауды халықаралық-құқықтық реттеу	2

Жалпыбілім беру пәндерінің *циклы* – барлығы 28 кредит, міндетті компоненті - 21. Цикл Қазақстанның қазіргі тарихы, философия, ағылшын тілі, АКТ, шет тілі, кәсіби-бағдарланған шет тілі, қазақ (орыс) тілі, кәсіби қазақ (орыс) тілі секілді пәндерден тұрады. Бұл пәндер әлеуметтік, коммуникативті және ақпараттық күзіреттіліктерді дамытуға бағытталған.

Базалық пәндер *циклы* – барлығы 69 кредит, міндетті компоненті - 20, таңдау бойынша компонент - 49. БП циклы пәндерін зерттеу нәтижесінде студент кәсіби қазақша (орыс) тілін, кәсіби-бағдарланған шет тілін меңгеруі, шет мемлекеттерінің жаңа және жаңарған тарихын, дипломатиялық және консульдік қызмет, жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихын, дипломатиялық документацияны білуі тиіс.

Бұл цикл халықаралық қатынастар талдауында теориялар мен концепцияларды қолдану, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің тәілдері мен әдістерін игеру, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде мамандық бойынша ғылыми, методологиялық әдебиетпен қолдану, ғылыми негізде өз еңбегін ұйымдастыру дағдысынан тұратын жалпыкәсіби компетенцияларды дамытуға негізделген.

Профильдік пәндер *циклы* – барлығы 32 кредит, міндетті компоненті - 5, таңдау бойынша компонент - 27. ПП цикл пәндерін зерттеу нәтижесінде студент халықаралық қатынастар саласында жұмыс жасауға мүмкіндік беретін кәсіби компетенцияларды алуы, шет тілдерін меңгеруі, кәсіби әрекет барысында туындайтын мәселелерді талдау үшін зерттеу тәсілдері, әдістері, қорытындыларын қолдана алуы, халықаралық тәжірибе процестері мен мәселелерін талдай және оларды Қазақстанға қатысты қолдана алуы, мемлекеттік басқару органдары мен ҚР ведомствалары үшін ғылыми-негізделген практикалық ұсыныстарды жасай алуы тиіс.

Профильдік пәндер циклына ҚР Сыртқы саясаты, Көпжақты дипломатия, Дипломатиялық этикет және хаттама, Әлемдік интеграция процестері, Кәсіби қолданыстағы ағылшын тілі, Кәсіби қолданыстағы (түрік немесе қытай) шығыс тілі және т.б.

Оқудың практикалық компоненті әрбір пәнге СӨЖ және СОӨЖ түрінде және тапсырмалардың басқа түрлерінде қосылған, ал тұтас түрде оқудың теориялық бөлігін өткеннен

кейін ұйымдастырылатын кәсіби тәжірибеде ұсынылады. *Кәсіби практика* – оқу, өндірістік және дипломға дейінгі практикаға бөлінетін барлығы 8 кредиттен тұрады.

Оқу практиксы жоғары оқу мекемелерінде немесе халықаралық мекемелерде өтеді

Өндірістік практика студенттерді шетелдік серіктестермен жұмыс жасайтын мемлекеттік және халықаралық құрылымдардың саналуан ведомствалар, жеке мекемелер әрекетімен таныстыру мақсатына ие. Тәжірибе жинақтаушы студенттер халықаралық ұйымдарда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқармалары мен ведомстваларындағы ресми құжаттармен жұмыс жасау дағдысына ие болу мүмкіндігін алады. Тәжірибе базасына Қазақстандағы БХҰДБ, ҚР БҒМ ҒК шығыстану Институты, ғылыми ақпарат пен саяси талдау Орталығы, Қазақстанның тең құқықтар және тең мүмкіндіктер Институты, «СКАМА» халықаралық консалтингтік компаниясы секілді мамандықтар кіреді. Тәжірибе кезеңінде студент жұмысы бітіруші квалификациянды жұмысын жасау логикасына сәйкес ұйымдастырылады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінен күтілетін нәтижелер келесідей:

- ғылыми зерттеу методологиясының негізгі жағдайларын білу және оларды зерттеудің таңдалған тақырыбымен жұмыс жасау кезінде қолдана алу;
- ғылыми ақпаратты жинау, талдау және өңдеудің заманауи әдістерін қолдана алады;
- есеп берулер, мәлімдемені жариялау түрінде зерттеу мәселесі бойынша ғылыми білімдерді айта алу.

Академиялық күнтізбе теориялық оқу, экзаменационды сессиялар, аттестациялар, кәсіби тәжірибелер, демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелер) жүргізуден тұрады.

Студенттердің академиялық мобильділігін қамтамасыз ету үшін 5B020200-Халықаралық қатынастар мамандығының білім беру бағдарламасының құрылымы қазақстандық кредиттердің ECTS кредиттеріне қайта есептеуде көрсетілген.

ҮОЖ және ЭПЖ негізінде мамандық бойынша студент эдвайзердің көмегімен әрбір жеке студенттің индивидуалды оқу жоспарында көрініс табатын индивидуалды білім беру траекториясын анықтайды.

5B020200 – Халықаралық қатынастар (ҚР алтыншы квалификациянды деңгейі) мамандығы бойынша *әлеуметтік білімдер бакалаврын қорытынды аттестациялау* оқудың бірінші деңгейінің Дублиндік дескрипторларымен сәйкес келесі компетенциялармен анықталады:

- ШІМ жүйесінің мекемелерінде шет тілдерін (қазақ/түрік) қолдана отырып, кіші және орта деңгейдегі орындаушылар міндеттерін орындау, басқа мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік билік пен басқарудың аймақтық органдарында орындаушылық, ұйымдастырушылық және әкімшіліктік жұмысты жүргізу;

- халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері бойынша іскерлік хат алмасу жүргізу, алдын ала талқылаулар жүргізіп, өз компетенциясы шеңберінде шет тілдеріндегі (қытай/түрік) жұмыстық келіссөздерде қатысу;

- өз компетенциясы шеңберінде ауызша және жазбаша аударма жұмысын орындау;

- халықаралық келіссөздерді, кездесулерді, конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру бойынша жұмысқа қатысу;

- материалдарды шет тілінен (қытай/түрік) қазақ, орыс тіліне және қазақ, орыс тілінен шет тіліне (қытай/түрік) аударушы және референт міндеттерін орындайды.

5B020200-Халықаралық қатынастар жалпығаміндетті бағдарламаларының білім беру әрекетінің нәтижелері мемлекеттің халықаралық әрекеті және оның аймақта өзара қатынастары жағдайларын ескере отырып еңбектің заманауи нарығы негізінде түзетілген. Олар

жұмысберушілер талаптары, оқытындар мен түлектердің білім беру қажеттіліктерін ескере отырып шығыстанушы мамандардың expertтік қорытындысына негізделіп жобаланады.